

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Кіші топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	2-3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	12.09 - 16.09.2022 ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Балалардың терісін, сыртқы келбетін тексеру.				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері".				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, мысық ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде жуыну әдебінің үлгісін көрсету; қолдарын сабындауға көмектесу, су ағымы астына қоюды қадағалау;	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Жуыну бөлмесінде тамшылаған суды сүртуді көрсету, тазалықты сақтау қажеті туралы түсіндіру.	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Ойын бұрыштарында тұрған ойыншықтарға көңіл аудару, мысық ойыншығын атауға ынталандыру, қолға ұстату, сипату, шығаратын дыбыстарға	"Еңбекке баулу" Мақсаты. Табиғат бұрышындағы өсімдіктерге көңіл аудару, топырақтың құрғақ болғанына көңіл аудару, фикусті су құйғыш арқылы суаруды

	дыбыстарға көңіл аудару.	қолды сүлгімен сұртуді көрсету; тазалықты сақтау қажеттілігі туралы түсіндіру.		көңіл аудару.	көрсету.
	Мысық ойыншығымен ойнату. Мақсаты. Балаларға көркем сөзді тыңдап, мысықтың қылықтарын байқауға, педагогтің қимылдарының соңынан еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге баулу. "Жолға отырма". Мияу, мияу, Кет, пырыш! Жолға отырма Тым-тырыс. Біздің бөпеш Жүгірер Жолда саған сүрінер. М. Әлімбаев	Әтеш ойыншығымен ойнату. Мақсаты. Балаларға көркем сөзді тыңдап, әтештің қылықтарын байқап, педагогтің қимылдарының соңынан еліктеуді үйрету, мазмұнындағы оқиғаларға эмоционалды жауап беруге баулу. "Әтеш" (орыс халқының тақпағы). Тұлымшағы үлпілдек, Жібек сақал желпілдек, Әтеш, әтеш айбарлы, Әдемі алтын айдарлы, Неге ерте тұрасың? Кеңірдегің созасың?	Саусақ жаттығуы. "Мөлдір су". Мақсаты. Балаларды көркем сөз арқылы жуыну тәртібіне баулу; педагогтің қимылдарының соңынан жасаған қимылдар мен айтылған сөздерден жағымды эмоцияларды алуға ынталандыру. "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма). Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев	Мысық ойыншығымен ойнату. Мақсаты. Балаларда көркем сөз арқылы мысықтың сыртқы сипаты мен қылықтары жөніндегі ұғымдарды қалыптастыру; мәнерлеп қайталауға, жағымды эмоцияларға бөленуге ынталандыру. "Біздің Мияу" (орыс тілінен аударма). Біздің мияу, Тоны қандай тамаша! таң қаласың, Талдап мұртын тараса. Көзі шақпақ, Тісі аппақ. Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев	Саусақ жаттығуы. "Жаңбыр жауса - тұрмайық". Мақсаты. Балаларды педагогтің қимылдары соңынан саусақтармен қимылдарды жасауға, жаңбырдың сипатын қабылдауға ынталандыру. Жаңбыр жауса – тұрмайық, (саусақтармен үстелге соққылау, сұқ саусақпен бұлғау) Қолға шатыр алайық (шапалақтау) Там-там – соқса тамшылар, (саусақтармен үстелге соққылау) Жамылып, отырайық (алақандарымен бастарының төбесін жабу). Д. Ахметова

		Балалардың кішкентай Неге ұйқысын бұзасың? Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев			
	Жаттығулар кешені. 1. "Қанаттарымызды қағамыз" жаттығуы. Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол белде. Алға қарай еңкейеміз. Б.қ. келеміз. Демді ішке тартамыз. Қолымызды төмен түсіреміз. Демді шығарамыз. Құстардың қанаттарының қимылына еліктей отырып, қолдарымызды жоғары және төмен сермейміз. (3 рет қайталау) 2. "Шапалақтаймыз" Б.қ. аяқты иық деңгейіне қоямыз. Қол төменде. Бір дегенде қолымызды көтереміз. Екі дегенде шапалақтаймыз. Бір. (Балалар қолдарын көтереді) Екі. (Балалар шапалақтайды) (3 рет қайталау) 3. "Көңілді баламыз". Б.қ. аяқты иық деңгейінде, қолдар белде. Бір орында секіру. 8 ретү Бір орында жүру, тыныс алу жаттығуы.				
Таңертенгі жаттығу					
Таңғы ас	Балалардың тамақтануға деген тұрақты қызығушылығын қалыптастыру. - Ақтөс пен Марғау өзара жарысты: Жеп алды табақшадағы бір уысты. Ал бізде кімге қасықты ұстау жарасады? Кім қалдырмай тамағын тауысады? Д. Ахметова				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балалардың жағымды көңіл-күйлерін қалыптастыру. Ұйымдастырылған оқу қызметіне бірізділікте жағымды эмоциялық				

	ахуалда ауысу үшін бәсеңдеу дыбыста салмақты әуенжазбасын қосу. - Аспанымызға "сәлем" айтамыз, Алтын күнге "сәлем" айтамыз. Балалар, біз де гүлдей болайық, Күнге қолдарымызды созайық. Д. Ахметова				
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Шеңберге тұрайық". Мақсаты. Балаларды шеңберге дұрыс тұруға үйрету; дене жаттығуларын дұрыс жасай білуге машықтау; шеңберге тұру техникасы туралы мағлұмат беру; ептілік дағдылары мен эмоциялық көңіл күйді дамыта отырып, шеңберге тұру арқылы балаларды дербестік пен жылдамдық іскерліктерін жетілдіру; шеңберге	Музыка. "Әжемнің әні". Мақсаты. Балаларды әже туралы әнді естеп сақтап, жағымды эмоциямен жауап беруге ынталандыру; музыка мен қимылды үйлестіре білу дағдыларын жетілдіру; ойындарда отбасы мүшелеріне қатысты түсініктерін білдіруге мүмкіндіктер жасау.	Дене шынықтыру. "Аюмен бірге шеңберге тұрайық". Мақсаты. Балаларды шеңберге дұрыс тұру іскерліктерін жетілдіру; дене жаттығуларын дұрыс жасай білуге машықтау; ептілік дағдылары мен эмоциялық көңіл күйді дамыту; шеңберге тұру арқылы балаларды дербестік пен жылдамдық іскерліктерін жетілдіру; шеңберге тұру және жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу;	Дене шынықтыру. "Бір, екі, үш .., жүгіреміз". Мақсаты. Балаларды шеңбер бойымен жылдам жүгіруді, шеңбердің пайда болуы үшін жасалатын қимыл түрлерін пысықтау; үлкен шеңбер жасау барысында алған түсініктерін қимыл арқылы көрсету, шеңбер жасау барысында қол және саусақ бұлшық еттерін жетілдіру; ептілік дағдыларын, сөздік қорын және эмоциялық көңіл күйін дамыту; шеңбер бойымен жүгіру	Жапсырудан ойын-жаттығу "Доппен ойнаған мысық". Мақсаты. Балаларды жапсыруға қажетті құралдар және жапсыру тәсілдерімен таныстыра отырып, желімделген домалақ пішінді бейнені жапсыруды, ажырап кетпеуі үшін оны сүлгімен басуға үйрету; қолдың ұсақ моторикасын, түс пен пішінді қабылдауды, танымы мен зейінін

	тұру және жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимылды дұрыс қайталай білуге үйрету. "Жапалақ" ойыны.	"Әжемнің тоқыма жібі" музыкалық - дидактикалық ойыны.	қимылды дұрыс қайталай білуге үйрету. "Досымызбен жарасайық" ойыны.	кезінде бір-біріне кедергі жасамай, педагогтың басшылығымен жаттығуларды жасау кезінде достық қарым-қатынасқа тәрбиелеу; қимыл жаттығуларын дұрыс қайталай білуге ынталандыру. "Қоян қалай жүгіреді?" жаттығуы.	дамыту; балаларды оқу қызметінде шығармашылық еңбекке, мәдени қарым-қатынас пен ізгілік ережелеріне тәрбиелеу. "Допты түсіріп алма" ойыны.
2- таңғы ас					
Серуенге дайындық					
Серуен	Күнді бақылау. Балаларға күннің аспанда жарқырап, барлық жерге жарық сыйлайтынын түсіндіру; балалардың жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін дамыту. Күн жарықты сыйлайды, Сәулелері көп, Бір аулаға сыймайды, Барлық жерге тиеді, Барлығына жетеді. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды	Аспанды бақылау. Балалардың аспанның жоғарыда шатырдай болғанын, түсін атап айта білу, аспанның таза немесе бұлтты болғанын байқау қабілеттерін бекіту; зейінін, түйсігін дамыту. - Тап-таза көгілдір алаң, Бұл жердің шатыры аспан. Аспан - күннің мекені, Жұлдыздар мекені. Еңбекке баулу	Сұхбатхананы бақылау. Балаларға сұхбатхана құрылысын көрсету, бұл ойынды көлеңкеде тұрып ойнауға болатынын түсіндіру; сұхбатхана учаскенің белгілі орны екендігі туралы тұрақты ұғымды қалыптастыру. - Күннің көзі түспейді, Күлкі жүзден кетпейді. Көлеңке орын - сұхбатхана, Бұнда ойнаймыз біз ғана. - Балалар, бұл қай жер? - Иә, сұхбатхана. - Бұл жерде ыстықта	Қоян ойыншығын бақылау. Балалардың көңілін қоян ойыншығына аудару; қоянның ұзын құлағы, қимылдары туралы алғашқы ұғымдар беру, педагогтің соңынан еліктеуге ынталандыру, жасалған жаттығудан жағымды әсер ала білу қабілетін қалыптастыру. Педагог қоян ойыншығын көрсетіп, оның сыртқы сипатын байқатады. - Балалар, біздің қонағымызды таныдыңдар ма? Бұл не? - Жарайсыңдар, бұл	Бұлтты аспанды бақылау. Балаларға бұлтты күн райы туралы ұғымдар беру, аспанның түсі көгілдір емес, сұр екенін байқату, аспандағы бұлттар сұр болса, жаңбыр жауатыны мүмкін екенін байқату. "Жауын" Жауын, жауын! Жаума! Тын! Жас балаларды Жаураттың. <i>Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев</i> Еңбекке баулу

	жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Сары күнге ұқсап" қимылды жаттығуы. Балаларды айтылған сөздердің ырғағына сай қимылдауға, педагогтің көрсетуіне еліктеуге үйрету, жағымды эмоцияларға бөлену қабілеттерін қалыптастыру. - Сары күнге ұқ-сап (қол белде, басты оңға-солға шайқау), Біз жүреміз "сап-сап" (шапалақтау). Бұлт келсе қап-тап (жұдырықты кеуденің алдында айналдыру), Жаңбыр жауар "там-там" (алақанды саусақпен соғу). "Көлшіктен өт" қимылды жаттығуы.	тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Саппен жүру жаттығуы". Балалардың сапта түзу бағытпен жүріп, екі аяқпен секіріп, алға жылжу қабілеттерін жетілдіру, тепе-теңдікті сақтау қабілеттерін дамыту, бұлшық еттерін шымыр ету. Педагог балаларды көркем сөзбен қимылдарға ынталандырады. - Алдымызда ұзынша	салқын, күн суықта жылы болады, жел мен жаңбыр өтпейді. Сұхбатханамыз қандай тамаша жер! Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды сұхбатхананы құрғақ жапырақтардан тазалауға шақыру. Мақсаты: балаларды қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; тазалыққа, еңбексүйгіштікке тәрбиелеу. "Қоңырауым қайда?" қимылды ойыны. Балалардың белгілі бағытта сигнал бойынша жүгіруге жаттықтыру. Педагог балаларға ойынның бастамасын көрсетеді. - Қоңырауым қайда? Сыңғырлайды сайда. Кім адаспай тауып алады, Қоңырырауды қолға алады.	қоян. - Қоянның ұзын құлақтары бар. Қоян құлықтарымен былай қимылдайды. - Барлығымыз көрсетейікші. Жарайсындар! - Қараңдаршы, қоян қуанып қалды. Сендерді бірге ойнауға шақырады. Еңбекке баулу тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған жапырақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Бері шыға ғой, қоян!" қимылды ойыны. Балаларға шеңбер бойымен жүріп, барлығы топтасып, "Бері шыға ғой, қоян!" сөздерін айтып, көрсетілген қимылдарға еліктеу қабілеттерін жетілдіру. Педагог балалардың	тапсырмалары: балаларды ағаштан түсіп қалған ұсақ, құрғақ бұтақтарды жинауға шақыру. Мақсаты: балаларды ересектің үлгісіне еріп, қарапайым еңбек әрекеттерін жасауға машықтандыру; топтастырымен бірге әрекет етуге баулу. "Күн мен жаңбыр" қимылды ойыны. Балалардың "күн" және "жаңбыр" сигналды сөздер арқылы қимылдай білу қабілеттерін дамыту; жаңбыр құбылысы туралы білімдерін қалыптастыру. - Күн шықты - балалар ойнады. - Күн тығылды - жаңбыр жауды. "Аюдың орманында" қимылды жаттығу. Мақсаты: балалардың бір-
--	---	---	--	---	---

	Мақсаты: балаларды бір орнынан ұзындыққа екі аяқпен алға секіре білу қабілетін қалыптастыру; тепе-теңдік, ептілік, көзбен мөлшерлеу сезімдерін дамыту.	Жайылып тұр жолақша. Топ-топ етіп басайық, Қадам басып барайық. Секіреміз оп-оп! Біз жүреміз топ боп. Д. Ахметова "Масаны ұстап ал!" қимылды ойыны. Мақсаты: балаларда қозғалысты көзбен көру белгісімен үйлестіре алуын дамытып, балаларды сигнал бойынша бір орнында секіру дағдыларын қалыптастыру.	Балалар жасырынған қонырауды тауып алып, қолға алып сыңғырлайды. Педагог келесі жолы қоныраудың орнын ауыстырып жасырады. "Тегіс жолмен жүреміз" ойын жаттығуы. Мақсаты: алға қарай жылжи отырып қос аяқпен секіруге жаттықтыру. Құм ойындары. Балаларға қалыптарды құммен толтыруға, оларды төңкеруге, шыққан торттарын безендіруге жаттықтыру. Далаға алып шығатын материалмен ойындар. Мақсаты: бірге, тату ойнауға, ойыншықтармен бөлісуге үйрету.	бірін "Қоян" атап, барлығымен бірге оны шақырады. Шақырылған қоян ортаға шығып, қимылдарды жасайды (педагог үлгіні көрсете алады), балалар қайталайды. - Бері шыға ғой, қоян! Сұр құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Сұр құлақтармен ойна! "Ирелендеген жолдармен" ойын жаттығуы. Мақсаты: асфальт бетіне салынған (жерде жатқан арқан бойымен) ирелендеген сызықтардың бойымен жүруге жаттықтыру; арақашықты сақтауға баулу.	біріне қақтығысып қалмай, аяқтарды кең қалыпта ұстап, жүгіре білу қабілетін қалыптастыру.
Серуеннен оралу	Балаларды киімді жүйелі түрде шешуге дағдыландыру, шкаф сөрелеріне киімдерін орналастыру, қолдарын жуу.				
Түскі ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастархан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйықтауына жайлы жағдай туғызу.				
Бірге-бірге тұрғызу, сауықтыру	Ауа ванналары. Алғашқы мәдени-гигиеналық әрекеттерді жасауға қызықтыру.				

шаралары	"Қолдарымыз қайда? Шығарайық алға. Жеңімізді түрейік, Жуынып көрейік. Су астына салайық, Уқалайық, сипалайық. Қандай тамаша! Қолдарымыз тап-таза.				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Сурет салудан ойын-жаттығулар. "Әжемнің жіптері". Мақсаты. Балаларды сурет салу құралы қылқаламмен таныстыра отырып, оның сабын үш саусақпен ұстап, бояуға малып, белгіленген жерден бастап, қарапайым түзу бағытта сызықтар қалдыруға үйрету; қылқалам ұшына зер салып, қалдырған ізді тоқтаған жеріне дейін бақылап отыруға жаттықтыру; қылқаламды тіреушеге қайта қоюға дағдыландыру;	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығулар "Ойыншықтар". Мақсаты. Балаларға ойыншықтар жөнінде түсінік бере отырып, олардың негізгі қасиеттерін педагогпен бірге атап, қимылдарды қайталауға үйрету. Балалардың ойыншық арқылы ой-өрісін кеңейту және есте сақтау қабілеті мен тілін дамыту. "Пирамида жинайық" жаттығуы.	Сенсорикадан ойын-жаттығулар. "Түрлі ойыншықтар" Мақсаты. Балаларға біркелкі заттар мен геометриялық пішіндер жөнінде қарапайым түсінік бере отырып, ортақ пішіні және көлеміне қарап, біріктіруге үйрету; біріктіру не бөлу тапсырмаларын үлгіге немесе сөздік нұсқамаға сүйеніп, орындауға деген қызығушылықтарын қалыптастыру; біркелкі пішіндердің бір-бірінен айырмашылығы ажырата білуге дағдыландыру. Балалардың сенсорлық	Қоршаған ортамен танысудан ойын жаттығу "Саңырауқұлақ". Мақсаты. Балаларға саңырауқұлақ туралы ұғым беру; жаңбырдың саңырауқұлақтың пайда болуы мен үлкен болып өсуіне жағымды әсері туралы түсінік беру; балалардың ойын барысында жаңбыр мен саңырауқұлақ туралы алған білімдерін жетілдіру. "Саңырауқұлақтарды жинайық" дамытушы жаттығуы. Ойын-имитация. "Қонжық". Мақсаты. Балаларды	"Жануарлар қалай дыбыстайды?" атты мультфильмін көру. Мақсаты. Бас кейіпкерлердің шығаратын дыбыстарына еліктеуге, әннің сөздерін қайталауға қызықтыру.

	педагогтің көрсеткен үлгісіне ойын арқылы еріп отыру және тазалық сақтау ережелеріне шақырып отыру. "Жіптерді жинайық" ойын рефлексиясы. "Қайсысы үлкен, қайсысы кішкентай?" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларды ойыншықтардың арасынан үлкен және кішкентай ойыншықтарды (заттарды) ажыратып, екіге топтастыруға жаттықтыру; үлкен және кішкентай көлемдері туралы ұғымдарды қалыптастыру. Шарты: үлкен және кішкентай ойыншықтарды екі топтамаға жинау. Құралдар: көлемі үлкен және кішкентай	"Ғажайып дорба" дидактикалық ойыны. Мақсаты. Балаларды түрлі ойыншықтар мен заттарды атауға жаттықтыру, олардың жарылу қасиеті жөнінде ұғымдарын ұстап, сипап көру арқылы қалыптастыру. Құралдар: дорба, дорбаға салынған түрлі ойыншықтар мен заттар.	эталондарды қабылдап, оларды өзара ажырату білу мүмкіндіктерін арттыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінін, танымы мен байқағыштығын дамыту. "Пішіндер қонаққа шақырады" іс-тәжірибе жаттығуы. "Отбасыда" ритмикалық жаттығуы. Мақсаты. Балаларды көркем сөздің ырғағына қимылдарды қайталап, орындауға жаттықтыру; отабсы мүшелері жөнінде ұғымдар қалыптастыру. - Отбасымда атам бар, топ-топ-топ, аяқ басар (сап түзеп бір орында тұру). Отбасымда әжем бар, ол тәп-тәтті нан жабар (алақандарды кеуде алдында ішке қарай айналдыру). Отбасымда әкем бар, тоқ-тоқ-тоқ кілем қағар	қонжықтың ойыншығымен таныстыру, қонжықтың қимылдарына еліктеу қабілеттерін дамыту. Шарты: педагог көрсеткен қонжықтың жүрісіне еліктеу, тапқтың сөздерін қайталау. - Қонжық, қонжық, Сылбырсың, ынжық. Маң-маңдап басып, Келесің жылжып.	
--	---	--	--	--	--

	ойыншықтар.		(жұдырықпен кеудені соққылау) Отбасымда анам бар, тап-таза қылып еденді жуар (алдыға еңкею). Отбасымда мен де бармын, тәртіпті бала боламын (алақандарды кеудеге қойып, оң-солға еңкею).		
Балалармен жеке жұмыс	Ермексаздан бір бөлшегін үзіп немесе жұлып алу жаттығулары.	Әтеш ойыншығымен ойнату. "Әтеш" (орыс халқының тақпағы). Тұлымшағы үлпілдек, Жібек сақал желпілдек, Әтеш, әтеш айбарлы, Әдемі алтын айдарлы, Неге ерте тұрасың? Кеңірдегің созасың? Балалардың кішкентай Неге ұйқысын бұзасың? Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев	Саусақ жаттығуы. "Мөлдір су". "Мөлдір су" (орыс тілінен аударма). Мөлдір су, мөлдір су! Сен менің бетім жу. Отты көзім ойнасын, екі бетім жайнасын. Күлкі кетпей ернімнен, Тісім тастан таймасын! Х. Ерғалиев, М. Әлімбаев	Ойын-имитация. "Қонжық". - Қонжық, қонжық, Сылбырсың, ынжық. Маң-мандап басып, Келесің жылжып.	"Бері шыға ғой, қоян!" жаттығуы. - Бері шыға ғой, қоян! Сұр құлақтармен ойна! Былай көрсет, Былай көрсет, Сұр құлақтармен ойна!
Серуенге дайындық	Балаларды өз киімдерін тануға, атауға, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуға үйрету.				

Серуен	Апта тақырыбы бойынша ойындар, ауа райын бақылаулар. Күнді бақылау. Мақсаты: балаларды күннің қалай көңілді, жарық жарқырайтынын байқауға жетелеу; балалардың қуаныш сезімін ояту, өз ойын ым-ишарамен, сөзбен жеткізе білу; жарық, нұрлы, көңілді — сын есімдері арқылы сөздік қорларын кеңейту. Бақылаудан кейін айнаның көмегімен (ойын жабындысының қабырғасында) күн сәулесімен ойнау. Өлең оқу: Шуақтары тарайды, Тереземнен қарайды. Еркелетер аймап, Сәуле шашар арайлап! Еңбек тапсырмасы: ағаштардан түскен жапырақтарды қорапқа жинау. Мақсаты: қарапайым еңбек дағдыларын қалыптастыру. Құралдары: қолғаптар, ойыншық қопсытқыштар. "Тығылмақ" ойыны. Мақсаты: балаларды сигнал бойынша жан-жаққа жүгіруге баулу; шапшаңдыққа, қызығушылыққа тәрбиелеу. Санамақ арқылы бір бала тығылған балаларды іздеуші болып тағайындалады. Ал, басқалары тығылады. Тәрбиеші 10-ға дейін санап болғанша, іздеуші бала көзін жұмып тұрады. Осы сәтте қалған балалар тығылып үлгерулері керек. Бірінші болып табылған бала, издесуге көмектеседі. Осылай ойын жалғасын таба береді. Өз бетімен еркін ойын әрекеті: шығарылған материалмен ойындар.
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігімен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру.
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтауға, тағамды ішу рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуге, әдепті бала болуды үйренеміз".
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. Кесілген суреттерді бір тұтасқа жинау ойындары (2-4 бөлік). Ұяшықтарға пішіндерді салу ойындары. Бауды байлау ойыншықтармен ойындар. Мақсаты: балалардың ұсақ қол моторикасын, ойлау, зейін қабілеттерін дамыту. Ән салу жаттығулары: балабақша туралы ән салуға шақыру. Қимыл-қозғалыс ойыны: “Менің көңілді добым...”

	Мақсаты: балаларды екі аяқпен секіруді үйрету, мәтінді мұқият тыңдау және мәтіннің соңғы сөз айтылған кезде ғана допты қуалау керек. Тыныс алу жаттығуы.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Өңгімелесу: "Балалардың балабақшаға қалыптасу ерекшеліктері", "2-3 жасар балалардың жас ерекшеліктері", "Ата-ананың баланы балабақшаға апару және балабақшадан алу кезіндегі әрекеттері".